

Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаның
6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысының
АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. XX-XXI ғасыр межесінде тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі – тіл мен адам арасындағы байланысты анықтау. Тіл көпаспектілі, адамның рухани және материалды әлемін бейнелейді, яғни адами құндылықтар, менталитет, ұлттық таным тіл арқылы түсіндіріледі. «Тіл білімінде қазақ ұлтының таным парасатын, ой-қиялмен жаңа ғасыр табалдырығында тұрған жас буын, келер ұрпақ алдында ұлттық мәдени ерекшеліктерін өзі жасаған тілі арқылы зерделеу – ең маңызды мәселе» деген ғалым Г.Смағұлова.

Біз тіл арқылы ұлтты танып білеміз. Ұлттың рухани болмысын, жан дүниесін, сана-сезімін, әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін танимыз. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, бір-бірінің рухани әлемін, бойындағы қасиеттерін, мінез-құлқын танып біледі. Тілді адамның санасы, болмысы және рухани өмірлік әрекетімен тығыз байланыста зерттеу – қазақ тіл біліміндегі ең басты мәселелердің бірі.

Диссертациялық жұмыс адами қасиеттерді сипаттайтын лексемалардың (сын есімдердің) мағыналық құрамының семалық белгілерін анықтауға арналады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі таңда адамды тілдік тұрғыдан тану тіл білімінің зерттеу нысанына алынып, өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Тіл мен адам ажырамас бірлікте: ол адамды қалыптастырады, мінез-құлықты, менталитетті, ұлттық мінезді анықтайды. Адамның мәнін, танымын, мінез-құлқын, сыртқы бейнесін, эмоциясын зерттеу тақырыбы зерттеушілердің назарын аударды. Адам әрқашан адам үшін барлық құбылыстардың ішіндегі ең қызықтысы болады, өйткені ол өзін-өзі таниды және бағалайды. Адам физикалық және рухани әлемнің бірлігін білдіретін «тірі жүйе» болғандықтан, тіл – бұл идеялардың көрінісі. Тіл бір бөлігі адам болып табылатын шындықты тану процесін көрсетеді. Сондықтан тіл арқылы адам айналасындағы шындық туралы білімін білдіре отырып, өзін-өзі анықтайды. Бұл тұрғыда тіл антропоцентристік болып табылады. Тілді тануға деген мұндай көзқарас оның антропоцентристік мәнінен туындайды. «Адам» тілдің барлық деңгейлерінен көрінеді. Әсіресе қазақ тілінің антропоцентристік бағыты лексика-семантикалық деңгейінде, атап айтқанда, адами қасиетті білдіретін сын есімдер жүйесінде айқын көрінеді.

Адам бойындағы қасиеттер, мінез-құлық бітістері психология ғылымында сөз етілгенмен, лингвистика ғылымында тілдік тұрғыдан олардың берілу жолдары түбегейлі зерттелмеген. Сондықтан адами қасиеттерді сипаттауда жиі қолданылатын сын есімдерді лексика-семантикалық өріс аясында қарап, зерттеу өзекті болып табылады. Зат

есімдермен салыстырғанда сын есімдер бейнелі мағынаға, метафоралық мағынаға ие, бұл адам бойындағы қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің бағалауыштық мәнінің жоғары екендігін анықтайды. Семантикалық табиғаты жағынан сын есімдер кеңдігімен ерекшеленеді: синоним мен антоним деңгейлерінде жүйелік қатынасқа түсе отырып, жаңа лексикалық мағынаға ие болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – адами қасиеттерді сипаттайтын тілдік бірліктерді анықтап, олардың ішінде сын есімдерді лексика-семантикалық өріс аясында қарап, семалық талдау жасау.

Осы мақсатқа сай мынадай міндеттер көзделеді:

- тіл біліміндегі өріс теориясына қатысты ғылыми тұжырымдарды саралау;
- адами қасиеттерді сипаттауда қолданылатын тілдік бірліктерге (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, теңеу) талдау жасау;
- адами қасиетті сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобын құру;
- адами қасиет өрісіндегі лексемалардың парадигмалық, синтагмалық қатынасын анықтау;
- адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобының ядросы (өзегі) мен перифериясын (шеткері аймағын) анықтау;
- адами қасиеттерді білдіретін сын есімдердің семалық құрылымын сипаттау.

Зерттеу жұмысының нысаны – адами қасиеттерді айқындауға мүмкіндік беретін тілдік бірліктер, лексика-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер.

Зерттеу пәні – адами қасиеттерді сипаттайтын тілдік бірліктердің бағалауыш мәні, лексика-семантикалық өрісі, лексемалардың мағыналық құрамындағы семалар.

Зерттеу әдіс-тәсілдері. Зерттеу барысында сипаттама, семантикалық талдау, компоненттік талдау, лингвистикалық сараптама әдіс-тәсілдері қолданылды. Адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердерге семантикалық талдау жасау барысында олардың семалық белгілерін анықтау мақсатында қазақ тілді 18-20 жас шамасы аралығындағы филология және психология факультетінің студенттері мен 16-50 жастағы түрлі мамандық иелеріне сауалнама жүргізілді.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Қазақ тілінде адами қасиеттерді сипаттауда қолданылатын лексемалардың мағыналарын анықтауда Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (2008), Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 томдық) (2011), Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі (2019), Ә.Т. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» этнолингвистикалық сөздігі (2009), тіл біліміндегі өріс теориясы бойынша А.Салқынбай мен Е.Абақанның «Лингвистикалық түсіндірме сөздігі» (1998), Қазақ тілі. Энциклопедиясы (1998), Тіл білімі терминдерінің сөздігі (2012), темперамент, мінез, мінез бітістері бойынша «Психология» энциклопедиялық сөздігі (2011) дереккөз ретінде пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының жаңалығы. Зерттеу жұмысындағы негізгі жаңалықтар төмендегідей:

- адам бойындағы қасиеттерді сипаттауда қолданылатын фразеологизмдер, паремия, теңеулер топтастырылды;

- адами қасиетті сипаттайтын лексемалардың лексика-семантикалық өрісі түзілді;

- адами қасиет өрісіне енетін лексемалардың парадигмалық, синтагмалық қатынастары сараланды;

- адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобының ядросы (өзегі) мен перифериясы (шеткері аймағы) анықталды;

- адами қасиеттерді сипаттауда қолданылатын сын есімдерге семалық талдау жасалып, дифференциалды семалары анықталды.

Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық және әдіснамалық негізі. Зерттеу жұмысында шетел, орыс және түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық өріс, лексика-семантикалық топ, оның белгілері, бір лексика-семантикалық топқа енетін сөздердің мағыналары арасындағы парадигмалық, синтагмалық қатынастар, сема, оны түрлерге жіктеу мәселелері, өрістің ядросы мен перифериясы бойынша Г. Шухардт, И. Трир, Г. Ипсен, В. Порциг, Л.М. Васильев, В.Г. Гак, А.А. Уфимцева, Д.Н. Шмелев, Ф.П. Филин, В.И. Кодухов, И.А. Стернин, Э.В. Кузнецова, И. Кучкартаев, М. Оразов, Ғ. Хасанов, Б.Қ. Қалиев, З.Қ. Ахметжанова, т.б., жас ерекшелік психологиясы, мінез, темперамент мәселелері бойынша З. Фрейд, Л.С. Рубинштейн, Левитов Н.Д., К.Г. Юнг, А.В. Батаршев, Жарықбаев, Н.С. Жұбаназарова, адам концептісі, адам мінез-құлқының, эмоциясының, ішкі жан дүниесі мен сырт келбетінің тілдегі көрінісі жөнінде О.Ю. Динисламова, Е.Ю. Харитонова, Ю.Г. Синельников, С.А. Андросова, А.Х. Газимова, А.В. Яруга, М.Г. Церцавадзе, Р.В. Мукашева, А.Е. Алексеева, С.Е. Павлова, Ф.Р. Сибгаева, О.Г. Лапшина, И.И. Домбровская, Н.В. Шелепова, Н.В. Аксенова, Н.В. Сторчак, С.А. Булгучева, Н.В. Терехова, М.М. Худайбергана, Н.Д. Абраров, С.А. Петренко, А.С. Алешин, А.Р. Рахимова, Д.К. Мусабаева, Е.А. Журавлева, Т.В. Некрасова, т.б. сынды отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеудің нәтижелері қазақ тілінің семасиологиясы, мағынаның семалық белгілері, антропоэзектік бағыттағы зерттеулерге негіз бола алады.

Зерттеу жұмысының практикалық мәні. Зерттеу жұмысындағы нәтижелерді, деректерді жоғары оқу орындарында тіл біліміне кіріспе, лексикология, семасиология бойынша лекция, семинар сабақтарында, сонымен қатар филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде, сондай-ақ сөздік құрастыруда пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары. Зерттеу жұмысының жаңалықтарына байланысты қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

1. Тілде адам, адамның сырт келбеті, дене пішіні, түр-түсі, қимыл-қозғалысы, эмоциясы, психикасы, мінез-құлқы, адами қасиеттері фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, теңеулер, метафоралар, сөз таптары арқылы беріледі. Олардың стильдік мәні, бағалауыштық мәні тілде түрліше көрінеді. Сөз таптарының ішінде сын есімдердің адам бойындағы қасиеттерді сипаттауда мәні зор және қолданысы кең. Сын есімдер адами қасиеттерді анықтауда семалық белгілеріне қарай оң, теріс және бейтарап бағалауыш мәнде жұмсалады.

2. Адами қасиетті сипаттайтын сын есімдер мағына ортақтығына қарай бір өріс аясына жинақталады. Олар бірін-бірі анықтап, толықтырып, сондай-ақ, бір-бірінен семалық белгілеріне қарай ажыратылады, бір-бірімен парадигмалық және синтагмалық байланыс түзеді.

3. Тілде өрістің ядро мен перифериядан тұратындығы, олар өріске енген сөз мағыналарының семалары арқылы анықталатындығы, ядролық сема тұрақты, эксплицитті, перифериялық сема тұрақсыз, имплицитті, негізгі емес семалардан тұратындығы, өрістің ядросында өріске енген сөздердің барлығына ортақ болатын архисема орналасса, перифериясында оларды бір-бірінен өзіне ғана тән белгілеріне қарай ажырататын дифференциалды семалар жататындығы анықталған. Ендеше, «адами қасиет» өрісінің ядросында осы өріске енетін барлық сын есімдерге ортақ «қасиет» архисемасы бар лексема жатса, перифериясында дифференциалды семасы бар лексема жатады. Сондай-ақ, айта кету керек, семантикалық өріс ішіндегі бірліктердің ядродан периферияға ауысуы немесе архисемамен байланысын жоғалтқан кезде басқа іргелес өріске ауысуы мүмкін. Біздің ойымызша, мұндай ауысулар тілдің сөздік құрамындағы экстралингвистикалық, интерлингвистикалық себептеріне байланысты уақыт өте келе, біртіндеп болатын өзгерістерге байланысты болады.

4. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы адам бойындағы қасиеттерді сипаттайтын сын есімдер «адами қасиет» архисемасы бойынша бір өріс құрап, онда дифференциалды семаларына қарай кіші семантикалық топтарға бөлінеді. Аталған архисема негізінде өріс түзуші сын есімдердің мағыналық құрамында жағымды (J_1), жағымсыз (J_2), жас мөлшер (J_s), гендер (G), интеллект (I_n) семалары бар.

5. Адамның мінез-құлқын, темпераментін анықтайтын физиологиялық, психикалық және адами қасиеттері. Адами қасиеттер – адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін қасиеттер. Олардың кейбіреуі ген арқылы берілсе, кейбіреуі адамның физиологиялық даму барысында жас ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, білім мен тәрбие арқылы, ортасы арқылы дамып, бекиді. Ендеше мағыналық құрамында жас мөлшер (J_s) семасы бар сын есімдер өріс құрамында бір-бірінен «нәресте» (J_{s1}), «жеткіншек» (J_{s2}), «жасөспірім» (J_{s3}), «жас» (J_{s4}), «егде» (J_{s5}), «қарт» (J_{s6}) дифференциалды семаларына қарай ажыратылады.

6. Әйел адам мен ер адам бір-бірінен табиғатынан, физиологиялық ерекшеліктерімен, темпераменттерімен қоса, ақылы мен ойы, қимылы мен іс-әрекеті, өзіне не өзгеге қарым-қатынасы жағынан да ерекшеленеді. Адам

баласына тән қасиеттердің бірі ер адамда басымырақ болса, бірі әйел адамда басымырақ болады. Ал кейбіреуі тек ер адамға тән болса, кейбіреуі тек әйел адамға тән. Сондықтан «адами қасиет» өрісіне енетін гендер (G) семасы бар лексемалар іштей «ер» (G₁), «әйел» (G₂) және «гендерлік ортақ» (G₃) дифференциалды семаларына жіктеледі.

7. Адамның бойындағы қасиеттері ақылына, ой-санасы мен танымына байланысты. Олар адам интеллектісінің жоғары (+) не төмен (-) деңгейін көрсетеді. Осыған байланысты өрістегі интеллект (In) семасы бар сын есімдер бірінен-бірі In₊ және In₋ дифференциалды семалары бойынша ажыратылады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 7 мақала жарық көрді. Оның ішінде Scopus халықаралық мәліметтер базасындағы журналда – 1, ҚР БҒБ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда – 3, халықаралық конференция жинақтарында – 3 мақала (шетелдік – 2, отандық – 1) жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Зерттеу жұмысында адами қасиеттерді сипаттайтын тілдік бірліктер (фразеологизм, мақал-мәтел, теңеу, сын есімдер) анықталып, олардың ішінде бағалауыш мәнінің жоғарылығымен, қолданыс шеңберінің кеңдігімен ерекшеленетін сын есімдер лексика-семантикалық өріс аясында қарастырылды. Бірінші бөлімде өріс теориясы жөніндегі Г.Ипсен, Й. Трир, В. Порцигтің идеяларын жалғастырушы орыс тіл білімінде Щур, А.М. Кузнецов, Л.М. Васильев, Ю.Д. Апресян, Ю.Н. Караулов, Ф.П. Филин, О.В. Сивергина сынды т.б. ғалымдардың, қазақ тіл білімінде М. Оразов, Ғ. Хасанов, Б.Қ. Қалиев, З.Қ. Ахметжанова сынды т.б. ғалымдардың тұжырымдарын негізге ала отырып, өрістің белгілері, «адами қасиет» лексика-семантикалық өрісін құраушы бірліктердің мағыналық қатынастары, өріс ядросы мен перифериясы анықталды. Екінші бөлімде «адами қасиет» лексика-семантикалық өрісін құраушы лексемаларға семантикалық талдау жасалып, олардың семалық белгілері анықталды. Адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің мағыналық құрамына жасалған семалық талдау нәтижелерін нақтылау мақсатында жүргізілген сауалнама қорытындылары ұсынылды.